

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қамауға алу түрінде бұлтартпау шараларын қолдану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 16 мамырдағы N 387 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қамауға алу түрінде бұлтартпау шараларын қолдану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қамауға алу түріндегі бұлтартпау шараларын қолдану мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

1-бап . Қазақстан Республикасының мынадай заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 23, 335-құжат; 1998 ж., N 23, 416-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 6, 141-құжат; 2001 ж., N 8, 53-құжат; N 15-16, 239-құжат; N 17-18, 245-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 32, 33-құжаттар; N 17, 155-құжат; N 23-24, 192-құжат; 2003 ж., N 18, 142-құжат; 2004 ж., N 5, 22-құжат, N 23, 139-құжат; N 24, 153-құжат, 154-құжат, 156-құжат; 2005 г., N 13, 53-құжат; N 21-22, 87-құжат, N 24, 123-құжат; 2006 ж., N 2, 19-құжат; N 5-6, 31-құжат; N 12, 72-құжат; 2007 ж., N 1, 2-құжат; N 5-6, 40-құжат):

1) 59-баптың екінші бөлігі мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) қылмыстық ізге түсу органы таңдаған айыпталушыға қатысты қамау түріндегі бұлтартпау шарасына санкция беру, одан бас тарту немесе, оны басқа қатаң еместеу бұлтартпау шарасына өзгерту, не қамау мерзімін ұзарту.";

2) 1 1 0 - б а п т а :

баптың тақырыбы, бірінші және екінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

"110-бап. Прокурордың сезіктіні қамауға берген санкциясына және соттың айыпталушыны қамау түріндегі бұлтартпау шараларын санкциялау туралы шешіміне

с о т қ а

ш а ғ ы м д а н у

1. Сезікті, айыпталушы, олардың қорғаушысы, заңды өкілі прокурор санкцияландырған қамауға алу түріндегі бұлтартпау, сондай-ақ қамау мерзімін ұзарту шарасына тиісті прокуратураның орналасқан жері бойынша қалалық (аудандық) сотқа шағымдануға құқылы. Шағым әкелу, егер анықтау органы, тергеуші немесе прокурор мұны қажет деп таппаса, ол шешілгенге дейін қамауға алу түріндегі бұлтартпау шараларын қолдану туралы қаулының қолданылуын тоқтата тұрмайды және адамды қамаудан босатуға әкеп соқпайды.

2. Судья қылмыстық ізге түсу органынан істі талап етіп ала отырып, іс түскен кезден бастап үш тәуліктен кешіктірмей жабық отырыста прокурордың күдіктіге, айыпталушыға бұлтартпау шарасы ретінде қамауды қолдануға берген санкциясының заңдылығы мен негізділігін тексеруді жеке өзі жүзеге асырады. Қылмыстық ізге түсу органы судьяның сұрау салуын алғаннан кейінгі үш тәуліктің ішінде оған қылмыстық істі табыс етуге міндетті. ";

б е с і н ш і б ө л і к т е :

"бірінші бөлігінде" деген сөздер "бірінші және екінші бөліктерінде" деген сөздермен ауыстырылсын, "осы баптың" сөздерден кейін "бірінші" деген сөзбен толықтырылсын ;

"прокурор санкция берген", "таңдаған" деген сөздер алып тасталсын;
"немесе айыпталушының қамауда болу мерзімін ұзарту" деген сөздер "бұлтартпау" деген сөзбен ауыстырылсын ;

3) 136-баптың үшінші бөлігінде "прокурор" деген сөзден кейін "немесе сот" деген сөзбен толықтырылсын ;

4) 142-баптың бірінші бөлігінде:

бірінші сөйлемнен кейін мынадай сөйлеммен толықтырылсын:

"Сезіктіге қатысты қамау түріндегі бұлтартпау шарасы прокурордың санкциясымен ғана қолданылуы мүмкін. " ;

мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Егер қамауда отырған сезіктіге бұлтартпау шарасы қолданған сәттен бастап 10 тәуліктен кешіктірілмей айып тағылса, онда айыптыға қатысты бұлтартпау шарасы ретіндегі қамау осы Кодекстің 150-бабында белгіленген тәртіппен соттың санкциясымен ғана қолданылады. " ;

5) 1 5 0 - б а п т а :

бірінші бөлікте "ғана және тек", "айыпталушыға (сезіктіге) қатысты" деген сөздер алып тасталсын, "прокурордың санкциясымен" деген сөздердің алдынан "сезіктіге қатысты" деген сөздермен, "соттың шешімі" деген сөздердің алдынан "айыпталушыға қатысты" деген сөздермен толықтырылсын ;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Тергеуші, анықтаушы бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алуды таңдау қажет болған кезде осы бұлтартпау шарасын таңдау туралы қаулы шығарады. Қаулыда

айыпталушыны (сезіктіні) күзетпен ұстау қажеттігі туындаған себептер мен негіздер баяндалуы тиіс. Қаулымен бірге аталған бұлтартпау шарасын таңдаудың негізділігін растайтын материалдар қоса беріледі. Осы Кодекстің 132, 134-баптарындағы тәртіппен ұсталған айыпталушыға не сезіктіге бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алуды таңдау туралы қаулы :

1) осы Кодекстің 142-бабының тәртібімен ұстау мерзімі аяқталғанға дейінгі он екі сағаттан кешіктірілмей сезіктіні қамауға алуға санкция беру үшін прокурорға;

2) осы баптың ережелеріне сәйкес осы Кодекстің 142-бабындағы тәртіппен бұлтартпау шарасы ретінде қолданылған ұстау не қамау мерзімі аяқталғанға дейін жиырма төрт сағаттан кешіктірмей айыпталушыны қамауға алуды санкциялау туралы шешім қабылдау үшін осы қаулыны оның келісім беруі және сотқа жолдауы үшін прокурорға ;

3) осы баптың ережелеріне сәйкес осы Кодекстің 142-бабындағы тәртіппен бұлтартпау шарасы ретінде қолданылған ұстау не қамау мерзімі аяқталғанға дейін жиырма төрт сағаттан кешіктірмей айыпталушыны қамауға алуды санкциялау туралы мәселені қарау үшін сотқа ұсынылады." ;
үшінші бөлімде :

"прокурордың" деген сөздерден кейін "және соттың" деген сөздермен толықтырылсын ;

"материалдары прокуратураға" деген сөздер "қамау түріндегі бұлтартпау шараларын санкциялау қажеттігін растайтын материалдар прокуратураға және сотқа" деген сөздермен ауыстырылсын ;

төртінші бөлім ", қалалық (аудандық) және оған теңестіріліген әскери соттың судьяларына" деген сөздермен толықтырылсын." ;

бесінші және алтыншы бөлімдер мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Прокурор заңмен көзделген негіздер бар болған кезде және осы Кодекстің 139-бабында көзделген зардаптарды болдырмау мүмкіндігі болмаған жағдайда басқа неғұрлым жұмсақ бұлтартпау шарасын таңдау жолымен сезіктіні қамауға алуға санкция және айыпталушыны қамауға алуға келісім береді. Прокурор сезіктіні қамауға алуға санкция беру және айыпталушыны қамауға алуға келісім беру туралы мәселені шешу кезінде күзетпен ұстау үшін негіз бар барлық материалдармен мұқият танысуға және сезікті мен айыпталушыдан жеке жауап алуға міндетті. Жауап алу кезінде тергеуші, анықтаушы, қорғаушы, егер ол іске қатысатын болса, сезікті мен айыпталушының кәмелетке толмаған заңды өкілдері қатыса алады және қаралатын мәселе бойынша өзінің пікірін айта алады. Бұлтартпау шарасын таңдау туралы қаулы мен қамауға алу үшін негіздер бар материалдарды қарап және сезікті мен айыпталушыдан жауап алып, прокурор сезіктіге және айыпталушыға бұлтартпау шарасы түрінде қамауға алуды қолдану туралы санкция береді немесе санкция беруден бас тартады. Прокурордың сезіктіні қамауға алу туралы санкциясы немесе санкция

беруден бас тарту туралы белгісі бар қаулы тергеушіге, анықтаушыға, сезіктіге жолданады және жедел атқаруға жатады. Прокурор айыпталушыны қамауға алуға келісім беруден бас тартқан жағдайда, соңғы дереу қамаудан босатылуға жатады, айыпталушыға (сезіктіге) жолданады және жедел атқаруға жатады. Прокурор айыпталушыны қамауға алуға келісім беруден бас тартқан жағдайда, соңғы дереу қамаудан босатылуға жатады.

6. Айыпталушыны қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасын таңдау туралы қаулы жабық сот мәжілісінде міндетті түрде прокурор мен айыпталушының қатысуымен судьяның жеке қарауына жатады. Сондай-ақ, сот мәжілісіне сотпен уақытылы және тиісті түрде сот мәжілісінің уақыты жайында хабарланған қорғаушы, жасы кәмелетке толмаған айыпталушының заңды өкілі, тергеуші, анықтаушылар қатысуға құқылы және олардың орынсыз себептермен келмей қалуы қаулыны қарауға кедергі бола алмайды. Сот мәжілісінің басында судья қандай өтініштің қаралуға жататынын хабарлайды, сот мәжілісіне келген адамдарға олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді, содан кейін прокурор қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялау қажеттілігін негіздейді, сосын сот мәжілісіне келген өзге де адамдарды тыңдайды. Айыпталушыны қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасын таңдау туралы қаулыны қарап, судья мына қаулылардың бірін қабылдайды:

1) айыпталушыны қамауға алуды санкциялау туралы;

2) айыпталушыны қамауға алуға санкция беруден бас тарту және тергеушімен, анықтау органымен таңдалып алынған бұлтартпау шарасын қатаңыраққа өзгерту немесе бұзу туралы." ;
жетінші бөлікте :

бірінші сөйлем "қамауға алуға санкция беру" деген сөздерден кейін "сезіктіні және айыпталушыны қамауға алуға келісім беру" деген сөздермен толықтырылсын;
екінші сөйлемде :

"прокурорға" және "прокурордың" деген сөзден кейін "немесе сотқа" және "немесе соттың" деген сөздермен толықтырылсын;
"судьялар" деген сөз алып тасталсын;

сегізінші бөлім мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Айыпталушыны қамауға алуды санкциялау туралы мәселені қарап жатқан судья істі мән-жайы бойынша шешуге қатысуға құқылы болмайды.";

б) 152-бапта "санкция берген" деген сөздер "бекіткен" деген сөздермен ауыстырылсын ;

7) 153 бап мынадай редакцияда жазылсын:

"153-бап. Қамауға алудың мерзімдері мен оларды ұзарту және шағымдану тәртібі

1) Іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу кезінде қамауға алудың мерзімі, осы Кодексте көзделген ерекше жағдайларды қоспағанда, екі айдан аспайды.

2) Тергеуді екі айға дейінгі мерзімде аяқтау мүмкін болмаған жағдайда және

бұлтартпау шарасын өзгерту немесе тоқтату үшін негіз болмаған кезде бұл мерзімді аудандық, қалалық прокурордың және олармен теңестірілген әскери және өзге де прокурорлардың аудандық сот судьяларының және оған теңестірілген судьялардың келісімімен - үш айға дейін, ал облыс прокуроры және оған теңестірілген прокурорлар мен олардың орынбасарларының, аудандық сот судьяларының және оған теңестірілген судьялардың келісімімен қабылданған тергеушінің дәлелді өтініші бойынша - алты айға дейін ұзартуы мүмкін.

3. Қамауға алу мерзімін алты айдан астам мерзімге ұзартуды тек істің ерекше күрделілігіне орай тергеу бөлімі бастығының облыс прокуроры және олармен теңестірілген прокурорлардың келісімімен қабылданған дәлелді өтініші бойынша облыстық соттың судьясы және оған теңестірілген судьялар - тоғыз айға дейін жүзеге асыра алады.

4. Қамауға алу мерзімін тоғыз айдан астам уақытқа ұзартуға облыс прокурорының және онымен теңестірілген прокурорлардың дәлелді өтініші бойынша ауыр немесе аса ауыр қылмыстар жасағандығына айыпталған адамдарға қатысты ерекше жағдайларда облыс және оған теңестірілген сот судьяларының - он екі айға дейін рұқсат етеді.

5. Қамауға алу мерзімін одан әрі ұзартуға жол берілмейді, қамауға алынған айыпталушы дереу босатылуға жатады. Қамауға алу мерзімі айыпталушыға айып тағылған қылмысты жасағандығы үшін қылмыстық заңда көзделген бас бостандығынан айырудың ең жоғары мерзімінен аспауға тиіс.

6. Қамауға алу мерзімін ұзарту туралы өтініш аудандық, қалалық прокурорға және олармен теңестірілген әскери және өзге де прокурорларға қамау мерзімі аяқталғанға дейінгі он тәуліктен кешіктірілмей келісім беру үшін табыс етіледі және ол прокурормен өтініш түскен кезден бастап үш тәуліктен аспайтын мерзімде қаралады.

7. Қамау мерзімін үш айдан астам уақытқа ұзарту туралы өтініш келісім беру үшін прокурорға он бес тәуліктен аспайтын мерзімде табыс етіледі және ол прокурормен түскен кезден бастап он бес тәуліктен аспайтын мерзімде қаралады.

8. Қамауға алу мерзімін ұзарту туралы өтінішті қарап прокурор өтінішті бекітеді және оны қамауға алу мерзімін ұзартудың негізділігін дәлелдейтін қылмыстық іс материалдарымен тиісті сотқа жолдайды немесе өтініштің бұрыштамасына жазбаша түрде келісім беруден негізді бас тартады. Прокурор қамауға алу туралы өтінішпен келіспеген жағдайда, айыпталушы қамауға алу мерзімі аяқталғаннан кейін дереу босатылуға жатады.

9. Қамауға алу мерзімін ұзарту туралы өтініш сотқа қамау мерзімі аяқталғанға дейінгі жеті тәуліктен кешіктірілмей, қамауға алу мерзімін үш айдан астам уақытқа ұзарту туралы өтініш - он тәуліктен кешіктірмей жолданады.

10. Қамауға алу туралы өтініш жабық сот мәжілісінде судьяның жеке қарауына жатады. Сот мәжілісіне міндетті түрде прокурор қатысады. Сондай-ақ, мәжіліске қорғаушы, айыпталушының заңды өкілдері қатыса алады, бірақ сот мәжілісі жайында

уақытылы хабарланған олардың келмей қалуы сот қарауына кедергі бола алмайды. Қажет болған жағдайда судья айыпталушының мәжіліске қатысуын қамтамасыз етеді.

11. Бұлтартпау шарасын қамауға алу түрінде қалдыру қажеттілігіне енгізілген өтініш бойынша тараптардың уәждерін тыңдап, судья мына негізді шешімдердің бірін қ а б ы л д а й д ы :

1) айыпталушыны қамауға алу мерзімін ұзарту жөніндегі өтінішті қанағаттандыру т у р а л ы ;

2) айыпталушыны қамауға алу мерзімін ұзарту жөніндегі өтінішті қанағаттандырудан бас тарту немесе бұлтартпау шарасын қатаңғыраққа өзгерту немесе бұзу және айыпталушыны қамаудан босату туралы.

12. Қамауға алу мерзімін ұзарту туралы өтініш түскен күнінен бастап үш тәуліктен аспайтын мерзімде аудандық, облыстық және олармен теңестірілген соттар судьяларының қ а р а у ы н а ж а т а д ы .

13. Қалалық (аудандық), облыстық және оған теңестірілген соттар судьяларының осы баптың ережелеріне сәйкес қабылданған қаулысы жарияланған сәттен бастап үш тәулік ішінде оған айыпталушының, оның қорғаушысының, заңды өкілінің шағым келтіруі, сондай-ақ прокурормен шешім қабылдаған соттың судьясы арқылы облыс және оған теңестірілген сотқа апелляциялық тәртіпте наразылық келтірілуі мүмкін. Шағымдану немесе наразылық келтіру айыпталушыны қамаудан босату туралы сот қаулысын орындауды тоқтатады, бірақ қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасын қолдану туралы қаулының әрекетін тоқтатпайды, сондай-ақ егер тергеу органы, тергеуші немесе прокурор қажет деп таппаса, адамды қамаудан босатуға әкеп соқтырмайды. Шағымдану мерзімі өткеннен кейін іс шағым және наразылықпен бірге облыс және оған теңестірілген соттардың апелляциялық сатысына дереу жолданады және ол жайында айыпталушыға, оның қорғаушысына, заңды өкіліне, прокурорға, сондай ақ шағым берген жәбірленуші мен оның заңды өкіміне хабарланады. Облыс және оған теңестірілген соттардың апелляциялық сатысына осы баптың оныншы және он екінші бөлімдерінде көзделген тәртіптер мен мерзімдерді сақтаумен шағым мен наразылық қаралады және мына шешімдердің біреуі қабылданады: қалалық (аудандық) , облыстық және олармен теңестірілген сот судьяларының қаулысын күшінде қалдыру туралы; қалалық (аудандық), облыстық және олармен теңестірілген сот судьяларының айыпталушыны қамауға алу мерзімін ұзарту туралы қаулысын бұзу туралы; қалалық (аудандық), облыстық және олармен теңестірілген сот судьяларының қаулысын бұзу немесе тергеушімен, тергеу органымен таңдалып алынған бұлтартпау шарасын қатаңырақ жазаға өзгерту туралы. Егер айыпталушының қамауда болу мерзімі апелляциялық сатыдағы сот судьясының шағымды немесе прокурордың бірінші сатыдағы сот судьясының шешіміне келтірілген наразылығын қарау мерзімінен бұрын болса, онда бірінші сатыдағы соттың судьясы аталған мерзім өткенге дейін үш тәуліктен кешіктірмей осы Кодекстің 110 бабының 5 бөлігінде көзделген шешімдердің

бірін қабылдағанға дейін айыпталушыны қамауда ұстау мерзімін ұзартуға, бірақ 6 тәуліктен аспайтын мерзімге ұзартуға міндетті. Облыстық немесе оған теңестірілген апелляциялық сатыдағы соттың қаулысы соңғы, әрі шағымдану мен наразылық келтіруге жатпайтын болып табылады.

14. Айыпталушыны қамауға алу мерзімін ұзарту туралы өтінішті, сондай-ақ прокурордың төмен тұрған сот судьясының шешіміне келтірген наразылығын қарайтын судья істі мән-жайы бойынша шешу кезінде қатысуға құқылы емес.

15. Күзетпен ұстау орны әкімшілігінің басшысы айыпталушыны қамауға алу мерзімі аяқталғанға дейінгі жиырма төрт сағаттан кешіктірмей қылмыстық істі жүргізуші органға немесе адамға, сондай-ақ прокурорға ол туралы хабарлайды. Егер бұлтартпау шарасы ретінде заңмен белгіленген қамауға алу мерзімі аяқталғанда айыпталушыны босату туралы не бұлтартпау шарасы ретінде оны қамауға алу мерзімін ұзарту туралы тиісті шешім немесе осы шешім туралы хабар келіп түспесе, қамауда ұстау орны әкімшілігінің басшысы оны көшірмесін жиырма төрт сағаттың ішінде істі жүргізуші органға немесе адамға және прокурорға жолдайтын өзінің қаулысымен б о с а т а д ы .

16. Қамауда ұстау орны әкімшілігінің басшысы осы баптың тоғызыншы бөлігінің талаптарын орындамаған жағдайда заңмен белгіленген жауапты болады.

17. Қамауға алудың мерзімі айыпталушы (сезікті) қамауда ұсталған кезден бастап прокурор істі сотқа жолдағанға дейін саналады. Адамды сезікті ретінде ұстау уақыты, соттың шешімі бойынша үйде қамауда ұстау және психиатриялық немесе өзге медициналық мекемеде мәжбүрлі түрде болу уақыты қамауға алу мерзіміне есептеледі. Айыпталушының және оның қорғаушысының қылмыстық істің материалдарымен танысу уақыты қамауға алу мерзімін есептеу кезінде есепке алынбайды.

18. Айыпталушыны (сезіктіні) сол іс бойынша, сондай-ақ онымен біріктірілген немесе одан бөлектелінген қылмысты іс бойынша қайта қамау жағдайында қамау мерзімі қамауда ұсталған уақыты ескеріле отырып есептеледі.

18-1. Іздестірілудегі адамды шет мемлекет Қазақстан Республикасына берген жағдайда қамауға алу мерзімі оның Қазақстан Республикасы аумағына келген күнінен бастан есептеледі. Бұл ретте адамды шет мемлекеттің аумағында экстрадициялық қамау тәртібімен қамауда ұстау уақыты оны берген жағдайда жазаны тағайындау кезінде жалпы қамауда ұстау мерзіміне есептеледі.

19. Сот ол бойынша айыпталушыны қамаудың шекті мерзімі аяқталмаған, ал бұлтартпау шарасын өзгерту үшін негізі жоқ істі қосымша тергеу үшін қайтарған кезде, сот шешімінің заңды күшіне енген күннен бастап, сол сот қамау мерзімін бір айдың ш е г і н д е ұ з а р т а д ы .

20. Осы бапта белгіленген айыпталушыны қамау мерзімін есептеу мен ұзартудың тәртібі қадағалау сатыларында іс жүргізудің нәтижесінде немесе бас бостандығынан айыру түрінде жазасын өтеп жатқан адамға қатысты жаңадан ашылған мән-жайлар

бойынша үкімді тоқтату және соттың қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасын қолдануы арқылы істі жаңа тергеуге бағыттау кезінде де қолданылады.";

8) 197-баптың 1-бөлігінің 15) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"15) осы Кодексте көзделген жағдайлар мен тәртіпте алдын ала тергеудің мерзімдерін ұзартды";

9) 267-баптың үшінші бөлігінде "прокурордың санкциясы бойынша" деген сөздер "соттың шешімі бойынша" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 283-бап "дәлелді қаулысымен" деген сөздерден кейін "осы Кодексте көзделген тәртіппен" деген сөздермен толықтырылсын;

11) 496-бапта:

үшінші бөлік "айып тағу," деген сөздерден кейін "сезіктіні" деген сөзбен толықтырылсын, "санкция беру" деген сөздерден кейін "не айыптыны тұтқындауға келісім алу," деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 3-1-бөлікпен толықтырылсын:

"3-1. Қылмыс жасауға айыпталушы Қазақстан Республикасы Парламенті депутатын қамау түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялау туралы мәселені Қазақстан Республикасы Бас Прокурорымен келісілген алдын ала тергеуді жүзеге асыратын адамның қаулысының негізінде Астана қаласының аудандық соты шешеді.";

сегізінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Қазақстан Республикасы Парламенті депутатына қатысты қылмыстық істі тергеудің заңдылығын қадағалауды Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры жүзеге асырады. Қазақстан Республикасы Парламенті депутатына қатысты тергеу іс-әрекеттерін жүргізуге осы Кодекске сәйкес прокурор рұқсат беруге тиіс санкцияны Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры береді. Қазақстан Республикасы Парламенті депутатына қатысты қамау мерзімін ұзартуды осы Кодекстің 153-бабында көзделген тәртіппен Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының келісімімен Астана қаласының аудандық соты үш айға дейін және үш айдан алты айға, Астана қаласының соты - алты айдан тоғыз айға дейін, тоғыз айдан он екі айға дейін жүргізеді. Тоғыз айдан артық тұтқындау мерзімін ұзартуға Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының келісімі туралы мәселе алдын ала Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының алқасында қаралады.";

12) 497-баптың үшінші бөлігінде:

"айып тағу," деген сөздерден кейін "сезіктіні" деген сөзбен толықтырылсын, "санкция беру" деген сөздерден кейін "не айыптыны тұтқындауға келісім алу," деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 3-1-бөлікпен толықтырылсын:

"3-1. Қылмыс жасауға айыпталушы Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Төрағасын немесе мүшесін қамау түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялау туралы мәселені Қазақстан Республикасы Бас Прокурорымен келісілген алдын ала

тергеуді жүзеге асыратын адамның қаулысының негізінде Астана қаласының аудандық соты шешеді." ;

13) 498-баптың үшінші бөлігінде:

"айып тағу," деген сөздерден кейін "сезіктіні" деген сөзбен толықтырылсын, "санкция беру" деген сөздерден кейін "не айыптыны тұтқындауға келісім алу," деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 3-1-бөлікпен толықтырылсын:

"3-1. Қылмыс жасауға айыпталушы судьяны қамау түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялау туралы мәселені Қазақстан Республикасы Бас Прокурорымен келісілген алдын ала тергеуді жүзеге асыратын адамның қаулысының негізінде Астана қаласының аудандық соты шешеді." ;

14) 499-бапта:

екінші бөлігі "айып тағу," деген сөздерден кейін "сезіктіні" деген сөзбен толықтырылсын, "санкция беру" деген сөздерден кейін "не айыптыны тұтқындауға келісім алу," деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 3-1-бөлікпен толықтырылсын:

"3-1. Қылмыс жасауға айыпталушы Қазақстан Республикасы Бас Прокурорына қамау түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялау туралы мәселені Қазақстан Республикасы Бас Прокуроры бірінші орынбасарымен келісілген алдын ала тергеуді жүзеге асыратын адамның қаулысының негізінде Астана қаласының аудандық соты шешеді." ;

төртінші бөлікте үшінші сөйлем мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына қатысты қамау мерзімін ұзарту осы Кодекстің 153-бабында және 496-бабының 8-бөлігінде көзделген тәртіппен Қазақстан Республикасы Бас Прокуроры бірінші орынбасарының келісімімен жүргізіледі."

2. "Прокуратура туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 24, 156-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 184-құжат; 1998 ж., N 15, 208-құжат; 1999 ж., N 8, 247-құжат; N 21, 774-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 6, 142-құжат; 2001 ж., N 20, 257-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжаттар; 2003 ж., N 15, 139-құжат):

59-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Осы Заңның 21-бабының 1-тармағы 1) тармақшасының, 38-бабының 1-тармағы 3) тармақшасының және 39-бабының қылмыс жасауға айыпталушы адамға қатысты қамауға және тұтқында ұстауға санкция беруге қатысты ережелері 2008 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылады."

2-бап . Осы Заң 2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК